

## КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

---

- 1.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және 1 шілде 2003 жыл № 446-ІІ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (мәтін бойынша әрі қарай – *Заң*) сәйкес және осы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру Ережелерінің негізінде (мәтін бойынша әрі қарай – *Ережелер*) «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (мәтін бойынша әрі қарай – *Сақтандырушы*) заңды және жеке тұлғалармен (мәтін бойынша әрі қарай – *Сақтанушылар*) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шартын (мәтін бойынша әрі қарай – *сақтандыру шарты*) жасайды.
- 1.2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру мақсаты сақтандыру төлемін жүзеге асыру арқылы өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүлкітік мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.3. Міндетті сақтандыруға иелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады:
- 1) жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органдардың бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) жеңіл, жүк автокөліктері, автобустар, шағын автобустар және олардың базаларында құрастырылған көлік құралдары, моторлы көліктер мен оларға тіркемелер (жартылай тіркемелер), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар;
  - 2) Қазақстан Республикасы аумағына уақытша кірген (әкелінген);
  - 3) өндіруші ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау ұйымдарының тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген, сондай-ақ иеленушінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдар бөлімшелері есептен алған 1) және 2) тармақшада көрсетілген көлік құралдары.
- 1.4. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі ол пайдаланатын көлік құралдарының әрбір бірлігі бойынша сақтандыруға жатады.

### 2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

---

- 2.1. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен бекітілген көлік құралдарын жоғары қауіпсіздік көзі ретінде пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғаның өміріне,

денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтіріген зиянды өтеу міндеттеріне байланысты сақтандырылушы тұлғаның мүлдіктік мүддесі болып табылады.

### 3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

---

- 3.1. Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылушының көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде жәбірленушілер деп танылған тұлғалардың өмірлеріне, денсаулықтарына және/немесе мүлкіне келтірілген зиянды орнына келтіру бойынша Сақтандырылғанның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау дерегі сақтандыру жағдайы деп танылады.
- 3.2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандыру жағдайы нәтижесінде жәбірленуші тұлғалар тарапынан Сақтандырылушыға келтірілген зиянды өтеу туралы және өлім, жарақат алу, еңбек қабілеттілігінен айырылу және/немесе мүлдікті құрту туралы шағым келтірген жағдайда сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етеді.

### 4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

---

- 4.1. Сақтандыру шарты Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған барлық тұлғаларға, оның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралында болған тұлғаларға қатысты әрекет етеді, келесілерді қоспағанда:
  - 1) Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындауға байланысты, оның ішінде көлік құралының иесімен жасалған еңбек немесе басқа шарт негізінде, немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) қатысуымен келісімнің жазбаша түрін рәсімдемей еркін білдіру негізінде осы көлік құралдарын басқарушы тұлғаларға;
  - 2) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінің талаптары қолданылатын тасымалдаушы болып табылса, жолаушыларға;
  - 3) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жұмыс беруші ретінде жұмыскерлерді еңбектік (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеті жүктелсе, Сақтанушы (Сақтандырылушы) жұмыскерлеріне.
- 4.2. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін орындауына байланысты, оның ішінде көлік құралының иелерімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде, немесе көлік құралының иесінің қатысуымен оның ерік білдіруі негізінде мәміленің жазбаша түрі рәсімделмеген болса, көлік құралдарын басқаратын тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатпайды.
- 4.3. Сақтандыру шарты жасалмайды:
  - 1) Қазақстан Республикасы аумағына басқа мемлекетте тіркелген, иесі осы мемлекет пен Қазақстан Республикасы арасында құрылған халықаралық шарт талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы мойындаған сақтандыру шартын құрған көлік құралдары кірген жағдайда;
  - 2) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық жүрісте деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органдар

бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) көлік құралдарының иелерімен.

## 5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

---

- 5.1. Сақтандыру сомасы Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туындаған жағдай шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыратын ақша сомасы болып табылады.
- 5.2. Бір сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемі төмендегідей:
- 5.2.1. әр жәбірленуші өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян және оның келесі салдары үшін:
- 1) қаза болу – 2 000 айлық есептік көрсеткіш;
  - 2) мүгедектік тағайындау:
    - I топ – 1 600 айлық есептік көрсеткіш;
    - II топ – 1 200 айлық есептік көрсеткіш;
    - III топ – 500 айлық есептік көрсеткіш;
    - «мүгедек бала» - 1 000 айлық есептік көрсеткіш.
  - 3) мүгедектік анықталмағанда мертігу, жарақат немесе денсаулығына өзге де зақым келу – емханада және (немесе) ауруханада емделуге кеткен нақты шығын мөлшерінде, бірақ 300 айлық есептік көрсеткіштен көп емес.
- 5.2.2. бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін – келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600 айлық есептік көрсеткіштен көп емес;
- 5.2.3. бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әр жәбірленушіге 600 айлық есептік көрсеткіштен көп емес. Бұл ретте барлық жәбірленушілерге төленетін сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 2000 айлық есептік көрсеткіштерден аспауы тиіс. Сақтандыру жауапкершілігінің шекті көлемінен зиян артқан жағдайда сақтандыру төлемі әр жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес деңгейде жүзеге асырылады.

## 6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

---

- 6.1. Сақтандыру шарттары стандартты және кешендік болып бөлінеді.
- 6.2. Стандартты шарт бойынша көлік құралдарының бір немесе бірнеше иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.
- 6.3. Стандартты шарт пайдаланылатын көлік құралдарының әр бірлігіне құрылады.
- 6.4. Стандартты шарты бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) үшінші тұлғаға келтірілген зиянның нәтижесінде не келесі жағдайларда туындаған Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып саналады:
- Сақтанушының (Сақтандырылушының) қатысуымен көлік құралдарын жүргізуге құқылы тұлғалардың көлік құралдарын жүргізу;
  - Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) жазбаша түрде рәсімделген еңбек немесе өзге шарт негізінде тұлғалардың көлік құралдарын басқаруы;
  - егер келтірілген залалға жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелсе, көлік құралдарын құқыққа қарсы иеленген тұлғалардың көлік құралдарын басқаруы.
- 6.5. Кешендік шарт бойынша екі және одан да көп көлік құралдарының иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.

- 6.6. Кешендік шарт барлық пайдаланылатын көлік құралдарына құрылады.
- 6.7. Кешендік шарт бойынша үшінші тұлғаларға Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзінің зиян келтіруі нәтижесінде немесе келесі жағдайларда туындаған азаматтық-құқықтық жауапкершілік сақтандырылған болып саналады:
- Сақтанушы (Сақтандырылушы) қатысуымен көлік құралын жүргізуге құқығы бар тұлғалардың көлік құралдарын басқаруы;
  - егер келтірілген залалға жауапкершілік Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жүктелсе, көлік құралдарын құқыққа қарсы иеленген тұлғалардың көлік құралдарын басқаруы.
- 6.8. Сақтандыру шарты Сақтандырушымен сақтандыру полисін электронды түрде рәсімдеу жолымен құрылады.
- Сақтандыру шартын құру үшін Сақтандыру сыйақысын есептеу және Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді құрайтын Сақтанушы өтініші негіз болады.
- Сақтандыру шарты Сақтанушы қалауымен Сақтандырушыға жүгіну немесе Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Сақтандырушының интернет-қорын пайдалана отырып, электронды нысанда ақпарат алмасу жолымен құрылуы мүмкін.
- 6.9. Сақтандыру полисінде мазмұндалған Сақтанушы (Сақтандырылушы) туралы, көлік құралдары туралы мәліметтер оның негізінде сақтандыру шарты құрылатын Сақтанушының өтінішінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес көрсетіледі.
- 6.10. Кешендік шарт бойынша сақтандыру сыйақысы көлік құралының бір бірлігіне төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйақысының мөлшерінің ең үлкен шамасына тең мөлшермен анықталады.
- 6.11. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйақысы әрбір Сақтандырылушы бойынша есептеледі және әрбір Сақтандырылушы бойынша саналған сақтандыру сыйақысы мөлшерінің ең үлкен шамасына тең мөлшермен Сақтанушының төлеміне жатады.
- 6.12. Егер сақтандыру шартында өзгелер қарастырылмаса, сақтандыру сыйақысын Сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді.
- 6.13. Сақтандырушы сақтандыру шартында сақтандыру сыйақысын бөліп төлеуді қарастыруға құқылы.
- 6.14. Сақтандырушы Сақтандырушының интернет-қоры арқылы сақтандыру сыйақысын төлеу мүмкіндігін береді.

## 7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРНЫ

- 
- 7.1. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып саналады.
- 7.2. Сақтандырушының интернет-қорын пайдалана отырып сақтандыру шартын құрған кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше қарастырылмаған болса, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтандырушы ұсынған талаптарда осы сақтандыру шартын Сақтанушы құрған болып саналады.
- 7.3. Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімінде құрылады.
- 7.4. Осы Ереженің 7.2. тармағында көрсетілгеннен өзге мерзімге сақтандыру шартын құруға жол беріледі:
- 1) көлік құралдарын маусымдық пайдалану кезінде, бірақ алты айдан аз емес;
  - 2) осы Ереженің 3) тармағының 1.3 бөлімінде көрсетілген жағдайда көлік құралының мемлекеттік тіркеуінен өткен мерзімге, бірақ бес күнтізбелік күннен аз емес;

3) көлік құралы Қазақстан Республикасы аумағына уақытша кірген жағдайда барлық уақытша кірген кезеңіне, бірақ 5 күнтізбелік күннен аз емес.

7.5. Егер Қазақстан Республикасында жасалған халықаралық шартта өзгелер қарастырылмаса, сақтандыру шартының әрекеті Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## 8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

---

8.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

1) Сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорды (әрі қарай – дерекқор) қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан сақтандыру шарты және ол бойынша сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) туралы мәліметтерді сұратуға (осы құқық сақтандыру жағдайы (көлік оқиғасы) жөніндегі мәліметтерді сұрату бөлігінде де пайда алушыға қолданылады;

3) Сақтандырушы өндіруде келтірілген зиян және жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау нәтижелерімен, оның ішінде Сақтандырушының интернет-қоры арқылы танысуға;

4) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

5) сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңның 29-1 бабында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға, не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

б) өтінішті және қоса тіркеліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-қоры арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-қоры арқылы) жіберу.

8.2. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру шартын құру кезінде Сақтандырушыға өтінішке және Заңда көзделген тәртіппен өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелеріне енгізу үшін қажетті өзі, сақтандыру полисіне енгізілетін әр Сақтандырылушы, көлік (көліктер) құралы (құралдары), қосарланған сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіру және сақтандыру сыйақысы мөлшерін азайту құқығы туралы мәліметтерді және өзге де мәліметтерді ұсынуға;

2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;

3) көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап, дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жазбаша нысанда (қолма-қол немесе электрондық ақпараттық қорлармен алмасу жолымен) Сақтандырушыға хабарлауға. Ауызша түрдегі хабарлама кейін (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы керек. Сақтанушы мен Сақтандырылушы бір тұлға болып табылмаған жағдайда көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы Сақтандырушыға хабарлау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептер бойынша көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, оны құжатпен растауы тиіс;

4) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

8.3. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының (Сақтандырылушының) басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

## 9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

---

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтерді ұсынуға;
- 2) тиісті мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерден олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының (көлік оқиғасының орын алуы) басталу дерегін және жәбірленушіге келтірілген зиян мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғаларының себептері мен басқа да жағдайларды анықтауға;
- 4) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасымен құқығын көрсетуге;
- 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, сондай-ақ Заңның 29 бабында көрсетілген негіздеме бойынша келтірілген зиянды толық немесе жартылай өтеуден бас тартуға;
- 6) жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру дерегі болмаған кезде ішкі істер ұйымдарымен берілген оқиғалар тізбегімен жол жүру ережесін бұзу туралы хаттама негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде сақтандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру шартын құру бойынша Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін рәсімдеу;
- 3) Заңның 20 бабы 1 тармағының бірінші бөлімінде көрсетілген тұлғаларға сақтандыру сыйақысын төлеу бойынша жеңілдік беруге;
- 4) сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде болған көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге және осы көлік оқиғасы бойынша мәліметтерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорларды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 5) жәбірленушінің немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты келтірілген зияндарды өтеу құқығына ие тұлғалардың жазбаша өтінішін алған күннен бастап жұмыс күні ішінде сақтандыру оқиғасын растайтын құжаттар болған кезде көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын Сақтанушының сақтандыру шартын құрғаны туралы мәліметтерді (Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), көлік құралын тіркеудің мемлекеттік нөмірі, жасалған нөмірі мен күні) жазбаша ұсынуға;
- 6) Заңмен бекітілген мерзімде және тәртіпте Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе жәбірленушінің (Пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүліктеріне келтірілген зиян мөлшерін анықтау туралы өтініш бойынша мүлікке келтірілген зиян мөлшеріне төлем жүргізу және Пайда алушының танысуына зиян мөлшері туралы есеп беруге;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу дерегін және сақтандырушының зиянды өтеу мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткіліксіз және (немесе) қате рәсімделген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Заңмен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

9) келтірілген зиянды тікелей реттеу тәртібімен өтеу туралы талаппен жазбаша нысанда жүгінген кезде Заңмен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде келтірілген зиянды өтеуді жүргізуге;

10) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде Сақтанушының талаптарын қарастыруға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;

11) Заңның 9-бабы 5-тармағында көзделген ақпараттарды алу кезінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайын реттеу бойынша шаралар қолдануға;

12) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

13) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында келтірілген шығындарды өтеуге;

14) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

9.3. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

## 10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТІ

---

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

1) көлік оқиғалары орын алған кезде жәбірленушілер мен жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілеттік ұйымдардың қызметкерлеріне сақтандыру шарты құрылған Сақтандырушының атауын хабарлауға;

2) көлік оқиғалары барысында болуы ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде мүлікті сақтау шаралары және жәбірленуші тұлғаларға көмек көрсету үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолдануға;

3) тиісті ұйымдар мен мекемелерге олардың құзыретіне қарай (жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымдардың бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет ұйымдарына, жедел медициналық көмек көрсету қызметіне, апаттық қызметтерге) көлік оқиғалары және жәбірленуші тұлғалар туралы хабарлауға;

4) көлік оқиғалары барысында уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған сәттен бастап, дереу, бірақ екі сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикалық белсенді заттарды пайдалану және мас күйіндегі деректерді анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге.

10.2. Көлік оқиғасы болған кезде өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда оның қатысушылары бір мезгілде келесі талаптар сақталған кезде өздері келіскен шарттарда сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі туралы декларация (әрі қарай – декларация) құру арқылы көлік оқиғасын оңайлатылған рәсімдеуді жүзеге асыруға құқылы:

1) көлік оқиғасы осы көлік оқиғасы болған сәтте иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі осы Заңға сәйкес сақтандырылған екі көлік құралының (олардың тіркемелері (жартылай тіркемелері) бар көлік құралдарын қоса алғанда) өзара әрекеті (соқтығысуы) нәтижесінде орын алды;

2) көлік оқиғасы нәтижесінде зиян осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарына ғана келтіріледі;

3) көлік оқиғасы нәтижесінде зиян келтіру мән-жайлары, көлік құралдарының көрінетін зақымдануының сипаты мен тізбесі, көлік оқиғасы қатысушыларының бірінің кінәсі көлік оқиғасы қатысушыларының келіспеушіліктерін туғызбайды және декларацияда тіркеледі;

4) көлік оқиғасы қатысушылары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының мөлшері шегінде сақтандыру төлемінің мөлшеріне келіседі;

5) көлік оқиғасы туралы құжаттар мен мәліметтерді рәсімдеуді көлік оқиғасының қатысушылары Сақтандырушының ақпараттық жүйесін және деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, декларация құру жолымен жүзеге асырады.

Көлік оқиғасының қатысушылары сақтандырушы қабылдаған декларация туралы деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан хабарлама алғанға дейін көлік оқиғасы орнынан кетпеуі тиіс.

Егер көлік оқиғасы қатысушылары декларацияға қоса берген фотоматериалдар көлік оқиғасына қатысқан көлік құралының маркасын, моделін, сәйкестендіру нөмірін, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін, сондай-ақ зиян келтіру мән-жайларын, көлік оқиғасы нәтижесінде көлік құралдарының көрінетін зақымдануының сипаты мен тізбесін анықтауға мүмкіндік бермеген жағдайда Сақтандырушы көлік оқиғасының қатысушыларынан жеке ақпараттық жүйесін және деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесін пайдалана отырып не басқа да қолжетімді тәсілмен фотоматериалдарды қайта жіберуді сұратуға құқылы.

Көлік оқиғасы қатысушыларының бірі сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібін рәсімдеумен келіспеген жағдайда сақтандыру төлемі Заңның 25-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі мен шарттары, декларация нысаны және оған қоса берілетін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде анықталады.

Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі сақтандыру жағдайы бойынша көлік оқиғасының қатысушылары арасында келіспеушіліктер болмаған кезде Заңның 26-1-бабында анықталған тәртіппен тікелей реттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, бұл туралы декларацияда тиісті белгі жасалады.

Сақтандырушы сақтандыру жағдайының дерегі мен мән-жайларын анықтау және зиян мөлшерін есептеу үшін көлік оқиғасы қатысушыларының көлік құралдарына тексеруге құқылы.

Сақтандырушының талабы бойынша көлік оқиғасының қатысушылары тексеру жүргізу үшін көлік құралдарын ұсынуға және бүлінген мүлікті көлік оқиғасынан кейін болған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін немесе Сақтандырушы дәлелді бас тартуды жібергенге дейін сақтауға міндетті.

Сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде анықталған тәртіппен және мерзімде сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

Осы бапқа сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі тиісті үлгіде орындалған болып есептеледі және Пайда алушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының шекті мөлшерінен асатын бөлігінде залалды өтеу туралы қосымша талап қоюға құқығы жоқ.

Сақтандырушы Заңда және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.



Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібіне сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыратын Сақтандырушы Заңның 28-бабына сәйкес төленген сома шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы.

Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібінің рәсімімен және салдарымен келіспеген жағдайда Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) дауды Заңның 29-1-бабына сәйкес реттеуге құқылы.

## 11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІ

---

11.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға, оның ішінде Пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін алу тәртібін - қолма қол ақшамен не сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, банк шотына аударымдар жолын көрсете отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет қоры арқылы қояды.

Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші Сақтандырушыға қолжетімді мемлекеттік органдардың деректер қорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті.

11.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу дерегін және жәбірленушілерге келтірілген зиян мөлшерін растайтын құжат;
- 2) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру дерегі болған жағдайда жәбірленушінің уақытша еңбекке қабілетсіздігі мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелерден жәбірленушінің мүгедектік тағайындау туралы анықтамалардың көшірмесі – ол анықталған жағдайда;
- 3) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама;
- 4) зиянды өтеуге Пайда алушының құқығын растайтын құжат (көшірме);
- 5) Заңның 22 бабының 3 тармағында қарастырылған жағдайда зиянның мөлшерін анықтау туралы өтініш;
- 6) Пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкілімен берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылушы) келтірген шығыстарды растайтын құжаттар, - олар болған кезде.

Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы екі данада өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізімі және оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы жазауға міндетті.

Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) электронды тәсілмен сақтандыру төлемі туралы өтінішті жіберген жағдайда Сақтандырушы осы анықтаманы электронды нысанда ұсына алады.

Өтініш беруші Сақтандырушыға өзі жүгінген кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісімен екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

Сақтандыру жағдайының басталу дерегін және өтелуге жататын зиян мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде Сақтандырушы оларды қабылдаған күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жеткіліксіз және (немесе) қате

рәсімделген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге хабарлайды.

11.3. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян мөлшері Заңға сәйкес тиісті ұйымдармен берілген құжаттар негізінде анықталады.

11.4. Мүлікке келтірілген зиян мөлшерін анықтауды Сақтандырушы не ол тартқан бағалаушы қызмет көрсету туралы шарттың негізінде лицензиялық мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып жүзеге асырады.

Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) келтірілген зиянның мөлшерін анықтау туралы өтінішті берген күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде бүлінген мүлікті тексеру күнін, уақытын және орнын келіседі. Бұл ретте бүлінген мүлікті тексеру көрсетілген өтінішті беру күнінен бастап, бес жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Егер бүлінген мүлікті тексеру Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) кінәсінен немесе тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша жүргізілмеген жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) келтірілген зиянның мөлшерін анықтау туралы өтінішпен Сақтандырушыға қайта жүгінеді.

Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін анықтауды Сақтандырушы бүлінген мүлікті тексеру және тексеру актісі құрылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

## 12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

---

12.1. Пайда алушы болып жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зияндарды өтеу құқығына ие болушы тұлға), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Заңмен белгіленген және сақтандыру төлеміне құқығы бар Сақтандырушының жауапкершілігі көлемі шегінде жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеуші өзге тұлға табылады.

Мүлікке зиян келтірілген кезде жәбірленуші болып осы мүліктің меншік иесі танылады, ал ол қайтыс болған жағдайда – зиянды өтеуге құқылы тұлғалар.

12.2. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғатын оқиғалар нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің ең жоғарғы тобы тағайындалады), не қайтыс болса, онда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) түскен өтініш және тиісті құжаттар негізінде Заңмен белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуді жүргізеді. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

12.3. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Ереженің 11 бөлімінде қарастырылған құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

12.4. Бірнеше жәбірленушілердің мүліктеріне зиян келтірілген жағдайда Сақтандырушы барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа Сақтандырылушылардың құжаттарды ұсынуына қарамастан, бірінші болып Сақтандырушыға құжаттарды ұсынған жәбірленушілерден құжаттарды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

12.5. Сақтандыру жағдайы туындаған кезде жәбірленуші болып табылатын Сақтанушы немесе жәбірленуші болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зиянды өтеуге құқығы бар тұлға келтірілген зиянның өтемін алу үшін сақтандыру жағдайы болған тұлғаның көлік

құралдары иелерінің міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда Сақтандырушыға жүгінуге құқылы.

Жәбірленуші болып табылатын, зиян келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын Сақтанушы сақтандыру жағдайы болған тұлғаның кінәсінен Сақтандырушыға жүгінеді.

Келтірілген зиянды өтеу тікелей реттеу тәртібімен осы Ереженің 11 бөлімінің 11.2. тармағында 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында қарастырылған құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Сақтандырушымен жүзеге асырылады.

- 12.6. Сақтандыру төлемі жәбірленушінің жазбаша рәсімделген өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру бойынша оған қызметтер көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.7. Сақтандыру жағдайы туындаған күнде осы мүліктің нарықтық құнына сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда Сақтандырушы мүлікке немесе оның қалдықтырына құқылы.
- 12.8. Сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары бүлінгенде Сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
- 12.9. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы келесі жағдайларда төленген сома шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қоюға құқылы, егер:
  - 1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда оның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал ететін қасақана әрекеттері салдарынан туса;
  - 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдік, есірткелік немесе токсикологиялық күйде басқаруы салдарынан туса;
  - 3) көлік оқиғасы болған кезде көлік құралын жүргізген адам оны басқаруға құқығы жоқ;
  - 4) сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы Сақтанушы (Сақтандырушы) білген немесе білуге тиіс көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны анықталса;
  - 5) көлік құралы оның техникалық мақсатына тән емес мақсаттарда пайдаланылса;
  - 6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде қасақана шаралар қолданбаса;
  - 7) өзі қатысушы болған, көлік құралын жүргізген тұлға, егер осы дерек жәбірленушіге медициналық көмек көрсетуге байланысты болуды қоспағанда, көлік оқиғасы болған жерден бой тасаласа;
  - 8) көлік құралын жүргізуші және психикалық белсенді заттарды пайдалану дерегі мен мас күйін анықтау үшін куәландыруға жіберілген тұлға дәлелсіз себептермен ондай куәландырудан өтпесе.
- 12.10. Сақтандыру төлемін жүзеге асыратын Сақтандырушыға ол төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығы ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарына және олардың құрылыстарына қанағаттанғысыз қызмет көрсетуден туындаған жол жағдайларының себептерінен болғаны анықталса, сақтандыру төлемін жүзеге асыратын Сақтандырушыға көлік құралы иесінің осындай жағдайлар жасауға кінәлі тұлғаға талап ету құқығы ауысады.
- 12.11. Егер сақтандыру жағдайы келесілер салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:

- 1) қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал ететін Пайда алушының қасақана әрекеттері;
  - 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.
- 12.12. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына келесілер негіз бола алады:
- 1) Пайда алушының келтірілген залалға кінәлі тұлғадан заладың тиісті өтемін алу;
  - 3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) көлік құралдарын арнайы арналған жерлерде жарыстарда, сынақтарда немесе көлік жүргізуді үйрету кезінде пайдалану;
  - 4) көлік құралдарын тиеу немесе түсіру кезінде зиян келтіру;
  - 5) жәбірленушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күміс бұйымдар, бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне зиян келтіру;
  - 6) жәбірленушілердің Заңның 22 бабы 3 тармағының үшінші бөліміндегі талаптарын 22 бұзуы.
- 12.13. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, сәуле түсудің немесе радиоактивті зақымданудың әсері;
  - 2) әскери қызметтер;
  - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздік немесе көтерілістер.
- 12.14. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы осы өтінішті және осы Ереженің 11 бабында қарастырылған барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктері есебімен келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгінуе Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімді жібереді.
- 12.15. Сақтандырушы жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру дерегі болмаған кезде ішкі істер ұйымдарымен берілген оқиғалар тізбегімен жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хатама негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

### 13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

---

- 13.1. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:
  - 1) әрекет ету мерзімінің өтуі;
  - 2) мерзімінен бұрын тоқтату.
- 13.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841 бабында белгіленген жағдайларда сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылады.

### 14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

---

- 14.1. Сақтандырушының интернет-қорын пайдалана отырып сақтандыру шартын құрған кезде Сақтанушы Заңда қарастырылған сақтандыру талаптарымен танысқаннан

кейін сақтандыру төлемін (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайдағы бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша оған ұсынылған талаптарда осы шартты құруға өзінің келісімін растайды.

14.2. Осы Ережемен реттелмеген барлық басқа мәселелерде Тараптар Заңның ережелерін басшылыққа алады.

## 15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

---

- 15.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге келмеген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен шешіледі.
- 15.2. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар болған кезде Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-қоры арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-қоры арқылы, не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 15.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарастырады және дауды реттеудің кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауапты қайтарады.
- 15.4. Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, жәбірленушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрауы бойынша дауды қарастыруға және шешуге қатысты құжаттарды сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткізуге міндетті.